Қызылорда облысының
кәсіпкерлік және
өнеркәсіп басқармасының
басшысы
Д. Әбілқайыровқа

Қазақстанның үздік тауары-2025»
өңірлік көрме-конкурсын өткізуге
қатысты

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы №194 Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған конкурсты және «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-конкурсын жыл сайын өткізу белгіленді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-конкурсының ұйымдастырушысы болып табылады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың өңірлік кәсіпкерлер палаталары «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік көрме-конкурстарының ұйымдастырушылары болып табылады.

Республикалық конкурс - республикалық бюджет қаражаты, өңірлік конкурс - **жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.**

Конкурстарды 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бап 3-тармақ, 25-тармақшасына сәйкес шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы жүргізу көзделген.

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «Қазақстанның үздік тауары-2025» өңірлік көрме-конкурсын 2025 жылғы 21 маусымда өткізуді ұсынды *(хат 28.03.2025 ж. №0266/РПП12).*

Осыған сәйкес, мемлекеттік сатып алу бойынша жоспарланған сатып алуды ағымдағы жылдың мамыр айына жылжытуды және 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бап 3-тармақ, 25-тармақшасына сәйкес шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы жүргізу мақсатында мемлекеттік сатып алу жылдық жоспарында көрсетілген негіздемені өзгертуге рұқсат беруді сұраймын.